



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)**

2020 жылғы 20 ақпандағы
№ ДС-56

Құрметті депутаттар!

Сіздердің бұқаралық ақпарат құралдары арқылы Ұлы Отан соғысы (бұдан әрі – ҰОС) ардагерлерінің өмірі мен ерліктері туралы халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуге, оның ішінде ҰОС ардагерлеріне әлеуметтік көмек көрсетуге қатысты сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймыз.

ҰОС ардагерлері мен тыл еңбеккерлерін тұрғын үй, зейнетақымен, әлеуметтік және медициналық қамтамасыз ету туралы БАҚ-та тұрақты айдар ашуға, күнделікті жарияланым беруге қатысты

2020 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасында 780 ҰОС қатысушысы, 282 ҰОС мүгедегі және 107 701 тыл еңбеккері тұрады.

Көрсетілген санаттағы тұлғаларға қолданыстағы заңнама бойынша бірқатар жеңілдіктер көзделген.

Қазіргі таңда ҰОС қатысушылары мен мүгедектерінің барлығы тұрғын үймен толық көлемде қамтамасыз етілген. Олардың орташа зейнетақы мөлшері орта есеппен 167 мың теңгені құрайды. Оларға қосымша 42 мың теңге мөлшерінде арнайы мемлекеттік төлем төленеді.

ҰОС-тың барлық ардагерлері мен тыл еңбеккерлері, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында көзделген дәрі-дәрмекпен қамтылған. Оларға медициналық көмек Алматы қаласындағы ҰОС мүгедектеріне арналған республикалық клиникалық ауруханада және Нұр-Сұлтан қаласындағы Отан соғысы мүгедектерінің орталық клиникалық госпиталінде көрсетіледі.

Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде ақпараттық саясатты іске асыру бойынша Жеңістің 75 жылдығына 2020 жылдың бірінші жартыжылдығында 20-дан астам іс-шара көзделген Бірыңғай медиа-жоспар әзірленген.

Мемлекеттік медиа-ресурстар тарихи фактілерге, өмірлік әңгімелер мен ардагерлердің ерліктеріне бағдарланған. Идеологиялық тұрғыда негізгі назар еліміздің ортақ Жеңіске жетудегі үлесіне бағытталатын болады.

«Астана» және «Алматы» телеарналары мазмұны халық бірлігін нығайту мен патриотизмді дамытуға бағытталған фильмдер түсіреді.

«ҚазАқпарат» халықаралық ақпараттық агенттігі «Жеңіс қалай жасалды» фотожобасын жүзеге асырады. Жобаның мақсаты ҰОС кезінде майдан даласын қолдаудағы Қазақстанның маңыздылығын насихаттау болып табылады. Майдан даласын қажетті ресурстармен қамтамасыз еткен «Шымкент қорғасын зауыты», «Алматы ауыр машина жасау зауыты» сияқты еліміздің 10-15 объектісіне баса назар аударылады.

E-history.kz порталы Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивімен бірлесіп, «Майдангер хаттары сыр шертеді...» жобасының шеңберінде қазақ жауынгерінің майдан даласынан жазған хаттарын, сондай-ақ «Ерлікке тағзым» жобасының шеңберінде қазақстандық батыр-жауынгерлер өмірінен қызықты танымдық инфографикаларды оқырманға ұсынады.

Baigenews.kz, baq.kz, strategy2050.kz, el.kz ақпараттық порталдары «Соғыс жылдарындағы өлеңдер мен әндер» аудиоподкаст әзірледі. «Соғыс тарихи фактілері», «Роль казахстанцев в победе ВОВ» жобалары арқылы біздің отандастарымыздың ҰОС жылдарындағы ерліктерін мәңгі есте қалдыруға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттері беттерінде «Жеңіс жарығы» арнайы іс-шаралар шеңберінде Жеңістің 75 жылдығына арналған іс-шараларды дайындау және өткізу барысы туралы мақалалар, фотоматериалдар және ардагерлермен сұхбаттар тұрақты жариялануда.

«Ана тілі», «Теңге Монитор», «Время», «Дружные ребята» газеттерінде «Өшпес даңқ», «Ерлікке тағзым», «Мы-наследники Победы!», «Этих дней не смолкнет слова!» атты айдарларда материалдар жарияланады.

Барлық интернет-ресурстарда майдангерлер мен тыл еңбеккерлерінің ерліктері, еңбектері және өмірбаяндары туралы арнайы жобалар жасалып, «Жеңіске 75 жыл» («Победе 75 лет») айдары ашылды.

Телеарналар мен интернет-ресурстардағы негізгі ақпараттық кампаниялар ағымдағы жылғы сәуірден басталады.

Осыған ұқсас жұмыс мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдарында да жүргізілетін болады.

Жеңіс мерекесі қарсаңында мемлекеттік қоғам қайраткерлерінің, министрлердің, әкімдердің барлық ардагерлерді жеке құттықтауы туралы мәселе пысықталып жатқанын атап өткен жөн.

Мектептерде, оқу орындарында жастардың рухани тәрбиесін қалыптастыруға және ұлттық сана тәрбиесін белсендендіру, сонымен қатар ҰОС тарихи оқиғаларын, есімдері әйгілі, әйгілі емес көптеген жауынгерлер туралы деректі хабарлар, видеороликтер, тақырыптық баяндамалар, театр қойылымдарын, мақалаларды таратуға қатысты

ҰОС Жеңістің 75 жылдығын мерекелеуге дайындық және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Жоспар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 19 ақпандағы № 69 қбп қаулысы бекітілді.

Жергілікті атқарушы органдар Жеңістің 75 жылдығын мерекелеу бойынша өңірлік жоспарлар әзірледі.

Ұлы Жеңістің 75 жылдығын мерекелеу аясында барлық жоғары оқу орындарында патриоттыққа тәрбиелеуге, белсенді азаматтық ұстаным мен ұлттық біртұтастық сезімдеріне бағытталған тақырыптық дәрістер, сабақтар, салтанатты іс-шаралар, көрмелер, әскери-қолданбалы спорт түрлері бойынша жарыстар, акциялар және басқа да шаралар өткізу жоспарлануда. Мектептерде «Батырлар туралы естелік» бірыңғай сынып сағаттары өтетін болады.

Әкімшіліктердің, қорғаныс істері бойынша аумақтық органдардың және білім беру ұйымдарының ресми интернет-ресурстарында оқушылардың ҰОС ардагерлері мен соғыс оқиғаларына арналған мақалалары, ең үздік шығармалары мен эсселері орналастырылады.

Ағымдағы жылғы ақпан айынан бастап Қорғаныс министрлігі барлық әскери бөлімшелерде ҰОС ардагерлері отбасы мүшелерінің қатысуымен «Менің әкем (атам, әжем, анам) майдангер!» атты конкурс-эссе өткізуде. Конкурс-эссеге қатысушылардың барлық жұмыстары өңірлік және республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануда.

Сәуір-мамыр айларында мектептерде «Менің әкем (атам, әжем, анам) майдангер!» атты эссе бойынша шығармашылық конкурс өтетін болады.

Өңірлерде «Ардагерге құрмет» акциясын, соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлерімен кездесулер өткізу жоспарлануда. Нұр-Сұлтан қаласында «Ұлы Жеңістің жаңғырықтары» челленджі басталып кетті.

Жоспардың шеңберінде іс-шараларды, оның ішінде баннерлерді және өзге де көрнекті насихат жүргізу нышандарын орналастыру арқылы ақпараттық сүйемелдеу көзделген.

Материалдық және демеушілік көмек көрсетуді, территорияларды, аулаларды абаттандыруға, көктемдік су тасқынынан қорғау іс-шараларын өткізуге, ардагерлердің ерліктері мен еңбектерін құрметтеуде жас ұрпақпен түрлі қайырымдылық іс-шараларын жүргізуге қатысты

Жергілікті атқарушы органдар ҰОС қатысушылары мен мүгедектеріне, тыл еңбеккерлеріне Жеңіс күні қарсаңында бір жолғы материалдық көмек көрсетуді жоспарлауда. Бұл ретте Үкімет өңірлерге көмектің мөлшерін бекітуді ұсынды.

Ағымдағы жыл бойы ҰОС ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне санаторий-курорттық емге жолдама алу үшін, коммуналдық қызметті төлеуге көмек көрсетілетін болады.

Мемлекет басшысы жариялаған Волонтер жылы шеңберінде, сондай-ақ жастарды рухани-адамгершілік тәрбиелеу мақсатында Жеңістің мерейтойына арналған барлық іс-шараларға жастар ұйымдарының өкілдерін, волонтерлерді, іздестіру жасақтарының белсенділерін, оқушылар мен оқу орындарының студенттерін тарту көзделген.

Мамыр айында волонтерлер ТМД елдері ардагерлерінің қатысуымен «Жауынгер серігі» телекөпірін ұйымдастыру жоспарлауда.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2020 жылғы 16 қаңтардағы № 3 қаулысымен бекітілген «Birgemiz: Úmit» іс-шаралар жоспарының шеңберінде ҰОС-тағы отандастарымыздың ерлігі туралы баяндайтын құжаттарды іздеу бойынша іс-шаралар жүргізілетін болады.

Жыл бойы ардагерлер тұрып жатқан үйлерге жөндеу жүргізу және тұрмыстарына көмек көрсету мақсатында «Ардағым ардагерім» акциясы өткізілетін болады.

Қазіргі уақытта волонтерлер Қазақстан Республикасының Әскери-тарихи музейімен бірлесіп ҰОС жылдарында қаза тапқан немесе хабарсыз кеткен қазақстандық жауынгерлерді іздестіру бойынша жұмыс жүргізуде.

Көшелердің, бульварлардың, алаңдар мен саябақтарды абаттандыруға қатысты

ҰОС батырларының есімдері берілген аулаларды, скверлер мен көшелерді тазалау жұмыстары жүргізілуде. Осылайша, «Birgemiz: Asyl mira» жобасының шеңберінде мәдени және тарихи мұраны сақтау мен дамытуға, тарихи және мәдени ескерткіштерді, мемориалдық кешендерді тазартуда, қалпына келтіруге және сақтауға, сондай-ақ жастар арасында патриоттық сезімді насихаттау бойынша бағытталған кампаниялар өткізуге волонтерлер қатысады.

Сонымен қатар, әскери зираттарды, ҰОС қатысушылардың зираттарын абаттандыруды, Қазақстан Республикасында және басқа да мемлекеттердің аумағында ескерткіштерді жөндеу мен қалпына келтіруді жүргізу жоспарланып отыр.

Тарихи әділеттілікті қалпына келтіру және ардагерлерді лайықты есте сақтау мақсатында өңірлерде Кеңес Одағының батырлары аллеяларын құру, мемориалдар мен мемориалдық тақталар орнату жұмыстары жүргізілуде.

Мемлекеттік мекемелермен қатар кәсіпкерлік саласында, кәсіпорындар мен офистерде, шетелдік бизнес құрылымдарында іс-шараларды өткізуге қатысты

Жергілікті атқарушы органдар Жеңіс күніне арналған қоғамдық салтанатты іс-шаралар ұйымдастыруды жоспарлап отыр.

Қазақстан Республикасында қызмет ететін барлық мемлекеттік және жеке меншіктегі ұйымдарға аталған іс-шараларға еңбек ұжымдарын белсенді тарту ұсынылатын болады.

Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ҰОС ардагерлерінің өмірі мен ерліктері туралы, ҰОС ардагерлеріне әлеуметтік көмек көрсету туралы халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары Қазақстан Республикасы Үкіметінің тұрақты бақылауында.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

А. Мамин